



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№187
(20063)



10 желтоқсан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ЖҮЗДЕСУ

2 Іскер әйелдерге
лайықты құрмет



БРИФИНГ

2 Жылу мен жарықта
ірікілі болмайды



ҚҰЖАТ

3 Бюджет



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АБАЙ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ 2020 ЖЫЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын қарап, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы 2020 жылғы мемлекеттік сыйлығы:
1. Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына, мәдениеттанушы – «Абыз Әбіш» зерттеуі үшін;
2. Аксұңқар Серікке, ақын – «Көкейімде Күлтегінің жазуы» өлеңдер жинағы үшін;
3. Есім Ғарифоллаға, жазушы – «Ғұлама-наме» трилогиясы үшін;
4. Жолдасбеков Мырзатайға, әдебиеттанушы – «Ұлы Дала әдебиеті» тарихи-әдеби зерттеулер жинағы үшін;
5. Кананиянов Бақытжан Мұсаханұлына, ақын – «Достояние души» өлеңдер жинағы үшін;
6. Мұқанова Роза Қажығалымқызына, драматург – «Сарра» драматургиялық шығармалар жинағы үшін;
7. Нұрмағанбетов Тынымбай Нұрмағанбетұлына, жазушы – «Періштелердің өлімі» прозалық шығармалар жинағы үшін беріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2020 жылғы 7 желтоқсан
№ 466

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Тынымбай Нұрмағанбетұлы!

Сізді Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері атануыңызбен Өзіңіз туып-өскен барша Сыр жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын.

Бұл марапат Өзіңіз арқылы киелі сөз өнеріне, ұлт әдебиетіне көрсетілген зор құрмет деп білемін. Мемлекеттік сыйлыққа лайық деп танылған «Періштелердің өлімі» романыңыз – қазақ әдебиетінің қоржынына салынған мол олжа, айрықша құбылыс.

Қазақтың қадір тұтар сөз өнерін ұлттық бояуы қанық, әсем де әдемі, сыршыл да нәзік қалпында оқырмандар жүрегіне жеткізіп жүрген талантты жазушы, көркемсөз өнерінің зергері ретінде Сізді қазақ халқы өте жақсы біледі және ерекше құрметтейді.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары әдебиет әлеміне өз жолымен, соны соқпағымен келген Сізді қалың оқырман өзгелерден шоқтығы биік қаламгер, көркемсөз шебері ретінде мойындады.

Сіздің дарынды да ұшқыр ойыңыздан, қарымды қаламыңыздан туған прозалық шығармаларыңыз, әсіресе, «Қауын исі», «Қош бол, ата», «Қарлығаштың ұясы», «Туған ауыл түтіні» атты прозалық еңбектеріңіз жастарды туған ауылын, жерін, Отанын сүюге, халқын құрметтеуге тәрбиелеуімен құнды да қымбат.

Асыл сөзді ардақтайтын, ұлыларын алақанына салып аялайтын, шығармаларыңызды сүйіп оқытын халқыңыз барда Сіз әрдайым құрмет биігіндесіз.

Әдебиет саласындағы ең жоғары марапатыңызбен тағы да құттықтай отырып, ата-бабаларыңыздың қасиетті төрі, Алаштың Анасы – Сыр елі халқы атынан Өзіңізге шығармашылық табыс, шалқар шабыт, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке тілеймін.

Алдағы уақытта да қасиетті қаламыңыздан туындайтын шығармаларыңызбен туған халқыңызды қуанта беруіңізге тілектестігімді білдіремін.

Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА

«ВОЛОНТЕРЛІК — КӨПТЕГЕН АДАМДАРДЫҢ САНАЛЫ ТҮРДЕ ТАҢДАҒАН ӨМІР САЛТЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтер жылының ресми жабылу рәсіміне қатысты. Президент жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Волонтер жылының табысты болғанын атап өтті.

Бұл жыл біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлем тарихында аса күрделі кезеңдердің бірі болғанына қарамастан, «қайырымды істер» жалпыұлттық идеясы он мыңдаған қазақстандықтың қайырымдылығы мен жанашырлығының арқасында өмір шындығына айналды. Президенттің пікірінше, отандастарымыз ұлт рухының мызғымас беріктігін, бірлік пен ынтымақтың, тұтастық пен тілектестіктің, шынайы ықылас пен бір-біріне деген қамқорлықтың жарқын үлгісін көрсетті.

– Еріктілер жылы жалынды жастарымыздың бойындағы ең асыл қасиеттерді дәріптеген ерекше жылға айналды. Бұл жанашырлыққа, жауапкершілік пен қамқорлыққа үндеген кезең болды. Біз мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, түрлі қиындықтармен бірге күрестік. Осылайша, адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалайтын қоғам екенімізді таныттық. Әлемді жайлаған індет қайырым мен мейірімнің қаншалықты маңызды екенін анық көрсетті. Қауіпті дерт ел-жұрттың денсаулығын ғана емес, бекем бірлігін де сыныға алды. Біз бір ел, бір халық болып бұл сыныға төтеп бердік, – деді Президент.

Жыл бойы 100 мыңнан астам адам ерікті қызмет көрсетті. Волонтерліктің жана бағыттары да тиімді дами бастады. Мемлекет басшысы жанашыр азаматтары көп мемлекеттің болашағы да жарқын болатынын атап өтті. Еріктілер қызметі барша азаматтарымызға үлгі болып, ұлттың жана сапасын қалыптастыруға жол ашатынына сенім білдірді.

– «Birgemiz» жалпыұлттық бастамасы аз ғана уақытта көптеген мейірімді отандасымызды жұдырықтай жұмылдырды. Олар осындай қиын кезеңде мұқтаж



жандарға қол ұшын созды. Аталған бастама аясында «Qatqor», «Sauluq», «Sabaqstastyq» жобалары жүзеге асырылып, жүз мыңдаған тұрғынға көмек көрсетілді. Өзендерді, ормандарды тазалау, ағаш егу, қоқысты сұрыптау жөніндегі «Taza Alem» волонтерлік қозғалысының қызметі де көпшіліктің қолдауына ие болды. Бүгінде экобелсенділік – сән қуу емес, шынайы қажеттілік, өмір қағидаты. Сол арқылы біз табиғатымызды сақтай аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік органдар, архив ұйымдары, ғылыми институттар еріктілердің ресурсын пайдалануы қажет деп санайды. Оның айтуынша, Арыс

пен Мақтаралдағы қайғылы оқиғаларды ескере отырып, күрделі техногенді апаттардан кейінгі құтқару жұмыстарын жүргізу үшін еріктілер дайындайтын арнайы оқыту курстарын ашу қажеттігі туындап отыр. Табиғатты және жан-жануарларды қорғау мәселесі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Сондай-ақ қайырымдылық қызметіне жүйелі түрде қолдау көрсету мәселесіне де басымдық берген жөн. Президенттің тапсырмасы бойынша қайырымдылық саласындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беретін Қайырымдылық туралы заң жобасы әзірленуде.

2-бет



ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Волонтер жылын қорытындылауда онлайн арқылы өткен шарадан кейін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова азаматтық белсенділік танытып, күрделі кезеңде қайырымдылық танытқан азаматтардың еңбегін ерекше атап өтті.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

– Бүгін біз Волонтер жылының ресми жабылу салтанатына куә болдық. Осы тұста игі бастамалардың басында жүрген 1000-ға жуық аймақ волонтерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Мұның барлығы –

еңбектің, ынты-ықыластың жемісі. Баршаңызға алғыс білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан волонтерлер мен волонтерлер тобы,

отандық және халықаралық волонтерлік ұйымдарды көтермелеуге бағытталған «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы табысталды. Мыңдаған үміткерлер арасынан Сыр елінің 3 волонтері – Әсем Ыдырысқызы, Сағатбек Синоов және Айдынбек Іскендіров сыйлық иегері атанды. Сонымен бірге облыс әкімі пандемия кезеңінде қоғамдық қызметтің бел ортасына табылған 3 белсенді жасқа «Халық алғысы» төсбелгісін табыстады.

«СБ» ақпарат

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

ӨНЕР ӨРІСІ – ӨМІР ӨЗЕГІ

Сыр өнері мен мәдениеті тәуелсіздік жылдары жаңа белеске көтерілді. Рухани қазыналарымыз қатталып, ғылыми айналымға енді. Еңселі мәдениет ошақтары салынып, ел ішіндегі өнер иелерін елеулі биікке шығарды. Бұрынғы өткен балалар мұрасын жарқыратып, жыраулықты жаңғыртты. «Сырдың елі – жылдың елі» деген атына лайық екенін танытты.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының директоры, «Мәдениет саласының үздігі» Жанат Құрамысоване арадағы әңгіме осы төңіректе тарқатылды.

БІЛІКТІ ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНАДЫ

Өңірде ұстаздардың кәсіби қызметін бағалап, мәртебесін арттыру бағытында 10 үздік ұстазға ерекше төсбелгі, 10 ұстазға қаржылай сыйақы (300 АЕК мөлшерінде) берілетін болады. Төсбелгіні білім беру саласына айрықша еңбегі сіңген, республикалық конкурстардың жеңімпазы атанып, озат шәкірттер тәрбиелеген ұстаздар медресе алады.

– Конкурс ашық түрде ұйымдастырылады, яғни, жеңімпаздарды азаматтық қоғам өкілдері мен журналистерден, сондай-ақ, арнайы мониторингтік топтың мүшелерінен жасақталған комиссия анықтайды. Байқау 3 кезеңнен тұрады. Бірінші, мектеп ішіндегі педагогикалық кәсіптің шешімін алады. Екінші кезекте, аудандық немесе қалалық білім бөлімінің комиссиясынан өтеді. Үшінші кезеңде білім басқармасы арқылы іріктеуге алынады, яғни қажетті құжаттарды ұсыну қажет. Комиссия шешімімен жеңіске жеткен ұстаз жыл

қорытындысы негізінде облыс әкімінің арнайы қатысуымен өтетін жиында марапатталады, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақира Қасымова.

Айта кетейік, үздік ұстаздарға «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» арнайы медалі алғаш рет берілгені орын. Бұдан бөлек, шәкірт тәрбиелеуде шығармашылық ізденіспен еңбек ететін білікті ұстаздар үшін 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі қаржылай сыйақының тағайындалуы салада бәсекелестікті арттырады.

Ол үшін білім беру ұйымдарында кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі, соңғы 5 жыл көлемінде педагогикадағы жетістіктері болуы керек. Кәсіби конкурстарға қатысуы, оқушыларының жетістіктері, ғылыми әдістемелік еңбектері, сондай-ақ, қоғамдық негіздегі жұмыстары назарға алынады.

Байқауға балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, қосымша білім беру ұйымының педагогі, колледж ұстаздары қатысып, бағын сынап алады.

"СБ" ақпарат

ТӨЛЕМ ЖАСАУДАҒЫ ТҮЙТКІЛ НЕДЕ?

Соңғы күндері қыс қытымырлығын жасап тұр. Әлбетте, мұндайда баспанаң жылы болуы үшін отты үзбеу керек. Қызылордалықтар газ пештерін барынша ашып, жылуды төмендетпегенге тырысуда. «Көгілдір отын» көп мөлшерде шығын болып, есептегіш құралдар сыр айналып тұр. Газға мольнаан ақша салып қоюға мүмкіндігі жоқ тұрғындар жиі төлем жасауға мәжбүр. Осы тұста қиындыққа тап болғандар жайын айтқымыз келеді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»



4-бет



АЛТЫН СЫЙЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, СЫР ЕЛІ!

Елордада Тәуелсіздік күніне арналған «Абай тағылымы – Тәуелсіздіктің тірегі» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

Бұл айтысқа мұнан бір айға жуық өткен айтыс қорытындысымен «Алтын домбыра» сыйлығына үміткер сегіз ақын қатысты. Сегіздің ішінен Сыр елі айтыс өнерінің бүгінгі күнгі ту ұстаушысы, «Айтыстың ақтангері» Мұқтар Ниязов алдына қара салмай, мәреге дара келді.

Мұқтар бұған дейін «Алтын домбыраны» екі рет егеленген болатын. Осы жолы сөз жүйрігі айтыстың ақтангері екенін талассыз дәлелдеп, үшінші мәрте топ жарды.

Мәртебелі сыйлықты ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтөгі Райымқұлова табыс етті. Сонымен бірге жеңімпазға 3 миллион теңге қаржылай сыйлық берілді.

Осы елеулі оқиғаға орай облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Фейсбуктегі» парақшасында «...Мұқтар Ниязовтың үшінші рет «Алтын домбыраны» иеленуі – барша Сыр халқы үшін зор қуаныш. Ақ түйенің қарны жарылды десе де болғандай!» – деп жазды.

Енді «Алтын домбыра» айтыс жәдігері есебінде облыстық өлкетану музейіне қойылатын болады. 2012 жылы алғаш рет ұйымдастырылған «Алтын домбыра» айтысында оза шапқан М.Ниязов егер үш мәрте жеңіске жетіп, «Алтын домбыраны» заңды егесі болса, оны музейге табыс ететінін айтқан еді.

Кеше бұл жеңімпазымызды телефон арқылы құттықтаған едік, сол кезде ол осы сөзінде тұратынын тағы айтты: «Осыдан бұрын айтқанымдай, «Алтын домбыра» музейге беріледі. Ағаш домбыраны алтынмен аптап кейінгі ұрпаққа өнер эстафетасы ретінде қалдыру – мен үшін үлкен бақыт. «Алтын домбыра» маған емес, Сыр елінің абырой-беделі үшін қызмет етсін. Кейінгі ұрпақ біздің сыйымызды мұнан да жоғары биікке көтереді деп сенемін», – деп жауап берді.

Ендеше, Сыр елі алтын сыйымыз құтты болсын!

Тәуелсіздік мерекесіне арналған осы өнер шарасында айтыскерлердің ағасы атанған жерлестеріміз Серік Ыдырысов пен Әбілқайыр Сыздықов «ҚР Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Осы тұста Ә.Сыздықов «Жанакорған ауданының құрметті азаматы» атанды.

Сондай-ақ, сөз сайысына қатысқан басқа да ақындар белгілі меценаттар тағайындаған қомақты ақшалай жүлделердің иесі атанды.

Осылайша, ақындар тәуелсіздік бейнесін мадақтады, ал, тәуелсіздік ақындардың мәртебесін көтерді.



«ВОЛОНТЕРЛІК — КӨПТЕГЕН АДАМДАРДЫҢ САНАЛЫ ТҮРДЕ ТАҢДАҒАН ӨМІР САЛТЫ»

— Әлеуметтік бағыттағы қызметті ынталандыру және оны қолдаудың баршаға түсінікті әрі тиімді құқықтық тетіктері қажет. Бұл үшін Үкімет атқарылатын міндеттерді пысықтауы тиіс. Қайырымдылық ұйымдарын алғашқы ашылған жылдары және одан кейінгі уақытта дамыту үшін олардың жеңілдетілген несие алуына, мемлекет меншігіндегі нысандарды жеңілдікпен пайдалануына мүмкіндіктер жасау керек. Бизнес пен жеке тұлғалардың қайырымдылық және волонтерлік жобаларға қатысуын жанама ынталандыру үшін оның тиімді тетіктерін, соның ішінде, мемлекеттік қолдау көрсету шаралары кезінде оларға құқықтық басымдық беру маңызды. Қайырымдылық және волонтерлік ұйымдарға мемлекет тарапынан да, бизнес тарапынан да көрсетілетін қаржылай және басқа да көмектердің аясын кеңейту керек. Үкіметке тиісті ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қайырымдылық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қайырымдылық ұйымдарының реестрін енгізу мәселесін ойландыруды тапсырды. Бұл тізбе осы саладағы барлық ақпараттық жүйеге енгізіліп, қайырымдылық ұйымдарының қызметімен, олардың қаржылық есебімен танысқысы келетін кез келген азаматқа қолжетімді болуы тиіс. Электронды қайырымдылық саласында азаматтарды алаяқтардан қорғау жүйесін әзірлеу де маңызды.

— Бүгінде бұл — қаржылай көмек аударулық танымал түрі. Қазақстанның әрбір үшінші азаматы онлайн садақа беруді жөн көреді. Алаяқтыққа жол бермей, азаматтардың сеніміне көлөнке түсіру үшін онлайн-банкінгтер арқылы садақа беру қызметін жедел пайдалану тетігін енгізу қажет. Бұл қаражаттың түсуін және жұмсалуды бақылауға мүмкіндік береді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы волонтерлік ұйымдарды қолдау және оларға арнайы гранттар бөлу жұмысын жалғастыру қажеттігін де назарға салды. Қайырымдылық істерді жалғастыру үшін еріктілікті дамытудың жол қартасын және оларды даярлауға арналған бағдарлама әзірлеу керек. Үкіметке волонтерлік қызметті қолдаудың бірыңғай стандартын жасау тапсырылды.

— Волонтерлік — бұл жай ғана әлеуметтік құбылыс емес. Тіпті, бір күнде қалыптасатын әдет немесе дағды деуге де болмайды. Бұл — көптеген адамдардың саналы түрде таңдаған өмір салты. Қайырымдылық — адамның бала кезінен бойға сіңетін қасиет. Сондықтан, өскелең ұрпақты жастайынан жақсылық жасауға тәрбиелеу — өте маңызды міндет. Осы ретте, барлық білім беру мекемелерінде тақырыптық сабақтар мен факультативтік сағаттар енгізуі ұсынамын. Қоғамдықәзімететудізердесіне түйген ұл-қыздарымыз нағыз азамат болары анық. Дана Абай айтқан «Ыстық қайрат,

1-бет

нұрлы ақыл, жылы жүрек» дәл қазіргі кезеңде ауадай қажет. Бұл асыл қасиеттер волонтер қатарына қосыламын деген әрбір жастың бойынан табылады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінде волонтерлік және қайырымдылық қызметтердің, сондай-ақ, корпоративтік волонтерлікті дамыту аясында әлеуметтік серіктестіктің әлеуетін арттыруға баса мән берілді.

Қазақстан әлемнің әртүрлі елдеріндегі мұқтаж жандарға көмек қолын созу арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді атсалысқан елдердің бірі болды. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында Волонтерларды жұмылдырудың халықаралық жылын жариялау жөнінде ұсыныс айтты. Бұл бастама Қазақстанның волонтерлік дәстүр мен мәдениетті елімізде ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлемде дамытуға ниетті екенін білдіреді.

— Енді санаулы күннен соң біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басамыз. Бұл — ел дамуындағы аса маңызды белес, тарихи меже. Сондай-ақ жетістігімізді саралап, болашағымызды бағамдайтын кезең. Келер жылғы мерейтойлық іс-шаралардың мазмұнына ерекше мән береміз. Оның әрқайсысы терең мағыналы және қоғам үшін пайдалы болуға тиіс. Сонымен қатар өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруі шарт. Осыған орай жалпыұлттық деңгейде «Қайырымды істер» марафонын ұйымдастыруды ұсынамын. Бұл — береке-бірлігімізді арттыратын маңызды бастама. Қазіргідей күрделі кезеңде жақсы істер жасауға мән бергеніміз елділігімізді нығайта түсетіні анық. Бұл үшін ұлт болып ұйысудың маңызы зор, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті пандемияның қиын-қыстау кезінде бейтарап қалмай, халыққа көмектесіп жүрген, сондай-ақ, волонтерлардың бірқатар ұсынысы мен бастамасына қолдау көрсеткен азаматтарға алғыс білдірді.

Іс-шара барысында «Ұлттық Волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Вера Ким, Арғыс қаласының еріктісі Олжас Мамыр, БҰҰ Еріктілер бағдарламасының үйлестірушісі міндетін атқарушы Тойли Қурбанов, Теміртау қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берлікбай Ордабаев, «Қоғамдық қақылау» тобының республика бойынша үйлестірушісі Саида Тәуекелова, РесейВолонтерлік бастамалар ассоциациясы орталығының төрағасы Артем Метелев, «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің офицері Богдан Петров, «INUCOBO» жан-жануарларды қорғау ұйымының президенті Лилия Сәрсенова, БҰҰ Еріктілерінің халықаралық волонтері Айнұр Канафина, «Шаг навстречу» штабының еріктісі Максим Панченко, «АВК» Атыраулық еріктілер корпусының басшысы Бекасыл Самиголла, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Динара Сәдуақасова сөз сөйледі.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРГЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында еліміздің, Сыр өңірінің өркендеуіне үлес қосып жүрген белсенді әйелдер қауымымен кездесу өткізді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

Бүгінде ердің сенімді серігі ғана емес, табанды мінезімен елдің тірегі болып жүрген нәзік жандар аз емес. Олар бар жерде тәртіп пен тиянақтылық, берекелі бастама бар. Облыста 812 мыңнан астам тұрғын болса, оның 405 мыңға жуығы — әйелдер. Экономикалық белсенді халықтың үлесі 452 мыңнан асса, оның ішінде әйелдер үлесі 217 мыңнан асады. Сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің — 87, педагогтардың — 73, жалпы бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 проценті нәзік жандар үлесінде.

Жиында аймақ басшысы әйелдердің ел дамуында өзіндік орны барын, үй шаруасынан бөлек отбасылық бизнесті дамытуға үлес қосқан нәзік жандардың саны артықанын атап өтті.

Елбасының «Әйелдер Тәуелсіздік жылдарының бәрінде менің ең сенімді тірегім болды» деген сөзі бар. Бүгінде әйелдер қауымы отбасының ұйытқысы болып қана қоймай, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосып, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени салада табысты еңбек етіп келеді. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына алғаш рет Ақмарал Өлнәзарова сайлана, Мәжілісте жерлестеріміз Балайым Кесебаева мен Наталья Жұмалділаева бар. Сонымен бірге, облыста баскарма, департамент басшыларының 21,5 процентін



Суретті түсірген Бағдат ЕСКАНОВ

әйелдер құрайды. Мұндай басқосулар нәзік жандардың көкейінде жүрген көп сауалдың жауабын табуға, жетістіктерімен бөлісіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін сөзсіз, — делі облыс әкімі.

Кездесуге онлайн режимде республикалық іскер әйелдер ассоциациясының президенті Раушан Сәрсембаева, кеңес мүшелері мен аудан әкімдері, белсенді әйелдер де қатысты.

Әйел кәсіпкерлер экономиканың дамуына үлес қосып жүргенін ерекше

атап өткен Раушан Сәрсембаева бүгінде қарапайым заттар экономикасына басымдық беріле бастағанын атап өтті.

Ал облыстың құрметті азаматы, «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алмагүл Божанова кездесуге жылыған белсенді әйелдерді «жана з аманшыл жаңа есімдері» деуге болатынын атап өтті. Қазақ әйелінің қашанда мәдениетті, шаруаны ақылға салып, сабырмен шешкенін баса айтып, қай салада болмасын әйелдер жастар тәрбиесіне

● БРИФИНГ

ЖЫЛУ МЕН ЖАРЫҚТА ІРКІЛІС БОЛМАЙДЫ

Апта басында солтүстіктен оңтүстікке дейін электр энергиясына транзит жасайтын 220 киловольтті №202 линиядағы «Байқоңыр Энергия» МКК теңгеріміндегі электр желілерінде ақау болды. Салдарынан облыстағы электр энергиясы өз көрсеткішінен 25 процент-ке төмендеді. Қазылорда қаласындағы жылу және электр жүйелері тоқтап, қаланың біршама бөлігі жарықсыз, жылуысыз қалды. Мамандар дер кезінде қолға алып, қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Десе де, тұрғындардың арасында алдағы күндері жылу мен жарықта іркіліс болады деген қауәсет тарауда.

Осыған орай, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Мұхиджан Кәрімбаев, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ КӨӨФ директоры Талғат Қызылбаев, «Қызылорда жылуэлектрорталығының» директоры Наурыз Сатханов, тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов арнайы брифинг өткізіп, орын алған жағдайға байланысты түсінік берді.

— Жағдай 7 желтоқсан күні жергілікті уақытпен 18:25 шамасында болды. Біздің облыс республикадағы бірыңғай электр желісінде орналасқан. Ресейлік компанияның аймақтағы қосалқы станциясында болған апатты жағдайдың басты себебі — электр кернеуінің өз деңгейінен 25%-ке түсіп кетуі. Негізінен 5%-тен артық түсіруге болмайды. Сал-

дарынан «КРЭК» АҚ-ға қарасты 5 электр желісінің 3-і мүлдем сөніп қалды. Одан бөлек, «Қызылорда жылу электр орталығына» қарасты Қызылорда қаласында орналасқан 17 дербес автономды қазандық, оңтүстік бу қазандығы филиалындағы 5 қазандық, Марал ишан көшесіндегі негізгі насостық станция — барлығы істен шықты. Бірақ 1 сағаттың көлемінде қалпына келтірілді. Алайда, жылу желілерінің 6 учаскесінде ақау шығып, 330 тоннадан астам су далаға кетті. Мұны қайта қалпына келтіру үшін скважиналардан суық су қайта жылу желілеріне айдалды. Осының барлығы жылу температурасын төмендетті. Бұл — үлкен шығын. Қазір қалпына келтіру жұмыстары толықтай жүргізіліп, газ, су беру өз деңгейінде жүріп жатыр, — деді басқарма басшысы.

Айта кету керек, орын алған жағдайдың кесірінен көптеген тұрғындардың тұрмыстық техникалары істен шыққан. Тұрғындар келтірілген шығынның орнын толтырып, өз құқығын толықтай қорғай алады.

— Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң бар. Соған сәйкес кез келген тұтынушы сапалы қызмет алуға толықтай құқылы. ҚР Азаматтық кодексінің 486-бабына сәйкес, энергиямен жабдықтаушы ұйым беретін электр энергиясының сапасы ұлттық стандартта және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтерге сай болуы тиіс. Тұтынушыға залал келтірілген жағдайда ол дереу тиісті мекемелерге хабар беруі қажет. Сонымен қатар, істен шыққан құралды бейнежазбаға түсіріп алған жөн. Сол хабарға байланысты электрмен жабдықтайтын мекеме құрылғының істен шығуына не себеп болғанын анықтайды әрі сол арқылы шешім

шығарылады, — деді облыс бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов.

Жалпы, Қызылорда электр тарату компаниясының құрамында 12 мыңнан астам электр желісі мен 2000-ға жуық подстанция бар. Олардың 60%-тен астамының тозығы жеткен. Басқарма басшысының айтуынша, бәрін бірден жанарту мүмкін емес. Оған қыруар қаржы керек. Тозығы жеткендердің барлығы кезең-кезеңімен жанартылуға.

Быыл қыс ерте түсіп, қаһарына мінді. Желтоқсанның басында жұрт алған көмірінің жарымын жағып тауысты. Жуық арада аяздың беті қайтуы неғайбыл. Көмірдің бағасы да жылдан жылға өсіп, 1 тоннасы 15 мыңнан сатылуға. Баға мемлекет тарапынан реттелмегендіктен, ортадағы алыпсатарлар өз құнын қойып отыр. Ауылдағы ағайынға бұл үлкен шығын. Себебі, көмір алу үшін аудан орталығына арнайы көлік жалдап, оған бір ақы төлесе, таразыдан желінетіні тағы бар. Осылайша қолы әрең жеткен көмірден тапшылық болмай ма? Жылу маусымы басталар тұста өңірде көмірге сұраныс жоғары болды әрі жетіспеді. Осы ретте басқарма басшысына көмір қоры турасында сауал жолдалық.

— Бізде арнайы мониторинг тобы жұмыс жасайды. Облыста жылу беру маусымында 163 мың тонна көмір қажет. Бүгінде оның 85 проценті жеткізілген. Аудандардағы жағдай үнемі бақылауда, күнделікті мониторинг жүргізіліп отырады. Облыс бойынша 30 көмір тарату түйіні кәсіпорын бар. Өзірге тапшылық туындаған жоқ. Егер қажеттілік болса, Шұбаркөл, Басықара, Екібастұздағы көмір шығаратын мекемелермен келісім-

назар аударып, ұлттық құндылықтардың қалыптасуына әсер ету керетін жеткізді.

— Біз көбіне табысқа жеткен жастармен кездесеміз, ал оқуға түсе алмай, жұмысқа да тұра алмай жүрген топтар бар. Олармен кездесу барысында жастар тәрбиесінде бірқатар мәселе барын байқадым. Қазақ халқы қыз балаға үлкен талаптар қойып, болашақ ана деп қараған. Ошақтың шырағы, ынтымақтың бастауы деп білген. Осындай ұлттық құндылықты кейінгі уақытта жоғалта бастағанымыз байқалады. Сондықтан қай салада болмасын біз ұлттық менталитетті бірінші кезекке қоюымыз қажет, — деді А.Божанова.

Қазір тәуекелге бел бұған, еті тірі, ебі мол әйел кәсіпкерлер шаруашылықтың қай саласында да істі жүргізуге алатынын дәлелдеп жүр. Облыста 54157 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген болса, оның ішінде шамамен 22 мыңнан астамы — әйел кәсіпкерлер.

Күрделі кезеңге байланысты бизнестің бағытын өзгертіп, жаңа кәсіпті бастап кеткен кәсіпкерлер де бар. Жиынға онлайн режимде қатысқан қармақшылық Жанар Бұқпанова пандемияға байланысты мейрамхана ғимаратын наубайханаға айналыдырғанын айтып берді. «Ару ана» шұбат өңдеу цехының директоры ишелілік Баян Дүйсенбектің берекелі тірлігі де елдің көз алдында. Жеті жүз түйе, екі жүз елуден астам ірі қараны өсіріп, шұбат өңдеу және сақтаудың озық технологиясын енгізген шаруашылыққа сексен адам жұмыспен қамтылған. Сүт өнімдерінің барлық түрі дайындалатын цехта балмұздақ та жасалады.

Мұнан бөлек жиынға Ақмола, Маңғыстау өңірлерінен кәсіпкерлер онлайн қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Жыын барысында кәсіпкерлер өнімдерін көрме де ұйымдастырылды. Кездесу соңында бірқатар белсенді әйелдер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

шарт аясында жеткізіледі, — дейді басқарма басшысы Руслан Аймырзаұлы.

Тұрғындар тарапынан жылуға қатысты шағым көбейіп кетті. Осыған орай БАҚ өкілдері «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жұмысын көрді.

— Мекеме «Оңтүстік» бу қазандығы және әр шағын аудандағы автономды-модульдік қазандықтан құралып, орталықтандырылған жүйемен жұмыс істейді. Бүгінде кестеге сәйкес барлық нысанға жылу берілген. Күнделікті ауа райына сәйкес температураны қалыпты ұстаймыз. Шығатын жылу температу-расы 76 градус болса, қайту көрсеткіші 55-56 градусқа тең. Кәсіпорындағы қондырғылар жылдағы жөндеу жұмыстары арқылы жанарып отырады.

Екіншіден, өздеріңіз көргендей, біздің жылу орталығының ең соңғы нүктесі — Скаткова көшесі, 111 үй. Мұнда жылудың келу температурасы 69 болса, қайту градусы 49-50 тең. Біздің міндет — үйге дейін жылулы әкеп беру. Ал қалған жұмыстар пәтер иелері кооперативіне қатысты. Көпқабатты үйдің өкірлеріндегі құбырлардың ескілігі, ішкі құбырлардың бітелуі мен батареялардың көп жылдан бері тазаланбауы жылудың қалыпты келуіне кедергі. Біздің көпқабатты тұрғын үйлердің жылу, су жүйесінің жоба сызбасы бұзылған. Бұл жылу беру жұмысының режиміне кері әсерін тигізеді, — деді кәсіпорын директоры Наурыз Сатханов.

"СБ" ақпарат

ҚАМБАШ КӨЛІНЕ ТӨРТ АДАМ СУҒА КЕТТІ

8 желтоқсанда Арал ауданында көлік мұз астына түсіп кетті. Оқиға қамыстыбас ауылынан 35 шақырым жерде орналасқан Қамбаш көлі аумағында болды.

«УАЗ» маркалы автокөлік ішіндегі 7 адамның 3-еуі шығып үлгерген. Құтқарушылар оқиға орнында суға батып кеткен 1973, 1981, 1985, 1994 жылдары дүниеге келген 4 адамды іздеді.

Түнгі уақытта іздегіру жұмыстары тоқтатылды. Құтқарушылар іздеуді 9 желтоқсан күні тәңертең қайта жалғастырды. Нәтижесінде 7 метр тереңдіктен автокөлік табылды. Ішінде қайтыс

болған адамдардың денесі бар. Сағат 10.05-те құтқарушылар қаза тапқан 4 адамның мәйітін полиция қызметкерлеріне тапсырды, — деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Саид Молдақарев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Іздеу шараларына төтенше жағдайлар және полиция департаменттерінің, жер-

гілікті атқарушы органдардың күш құралдары және туыстары жұмылдырылған.

Жыл басынан бері осыған ұқсас 5 оқиға тіркеліп, 9 адам көз жұмған. Сондықтан департамент мамандары мұз үстімен жүру кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды сұрайды.

«СБ» ақпарат

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«08» желтоқсан 2020 ж.

№28

Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі — COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың 7)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілері, азық-түлік емес және жабық азық-түлік базарларының, сауда орталықтарының жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, бір келушіге 4 м² есебінен толтырылуын 30%-тен асырмай, рекреация және демалыс аймақтарында сатып алушылардың болуына жол бермей және балалар ойын алаңдары, ойын орталықтарының және аттракциондарының жұмысына қатаң тыйым салумен, жұмыс және сенбі күндері сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін және жексенбі мен мереке күндері жұмыс уақыты сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін белгіленсін.

Күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық, маска режимдерін қатаң сақтай отырып, фудкорттардың жұмысы тек тамақты жеткізу қағидасымен жүргізілсін;»;

2) 2-тармақтың 8)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысын орналасқан жеріне қарамастан, ғимараттардың ішін 50%-ке дейін толтыруды, бірақ 50-ден аспайтын отыратын орының толуы бойынша шарттарды сақтай отырып, көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты және бір үстелде 4-6 адамнан аспайтын отыруды сақтай отырып, караоке, би алаңдарының, бар жұмысына қатаң тыйым сала отырып,

күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен жұмыс кестесін сағат 9:00-ден 23:00-ге дейін белгіленсін. Осы тармақта белгіленген жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келушілердің тамақтану залында болуына тыйым салумен, авто-экспресстің және тамақты жеткізудің жұмысын шаттық режимде ұйымдастыруды;»;

3) 3-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

4) 3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кинотеатрлардың қызметіне рұқсат беруді (толтырылуын 30%-тен асырмай, infokazakhstan.kz порталында тіркеле оты-

рып, маска режимін, шахмат тәртібімен отырғызуды, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып) жұмыс және сенбі күндері сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін және жексенбі мен мереке күндері жұмыс уақытын сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін белгілеуді;»;

5) 4-тармағы алынып тасталсын;

2. Осы Қаулының орындауын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы 2020 жылғы 11 желтоқсанның бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Д. Жанабергенова

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі
2020 жылғы 4 желтоқсаны №515 Қызылорда қаласы
кезектен тыс 50-сессия

«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №374 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодекстің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7037 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің аталандық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«1. 2020-2022 жылдарга арналган облыстык бюджет тиісіне 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылғы міндетті көлемдерге бөлігінің:

- 1) қаржы активтерінің сатып алуы мен қайтаруы бойынша: салықтық түсімдер – 10 081 520,0 мың теңге;
- салықтық өсім түсімдер – 4 428 183,9 мың теңге;
- нетізі қанталауды сүтудің түсімдер түсімдер – 32 243,4 мың теңге;
- трансфертер түсімі – 264 005,254 мың теңге;
- 2) шығындар – 238 827,34 мың теңге;
- 3) заң бюджетінің кредиттері – 202 028 039,7 мың теңге;
- бюджетіктің кредиттері – 32 482 377,4 мың теңге;
- бюджетіктің кредиттері өтеу – 4 460 337,7 мың теңге;
- 4) қаржы активтерінің сатып алуы мен қайтаруы бойынша: қаржы активтерін сатып алу – 2 955 715,6 мың теңге;
- қаржы активтерін сатып алу – 2 955 715,6 мың теңге;
- мемлекетінің қаржы активтерін сатып алу түсімдер түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профити) – 39 257 887,0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржылауды (профитиін пайдалану) – 39 257 887,0 мың теңге;

4-тармақ жаңа мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:
«18) Жалағаш ауданы бюджетінің жылдық кіріс түсімдері болжамының орындалмауына байланысты жоғалтулары өтеу»;
5-тармақ жаңа мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:
«18) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақша төлеуді ұлғайту»;

«10-2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10-2. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте 3 403 464 мың теңге төтенше жағдай режимін енгізуге байланысты аударандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен трансферттердің түсімдері көзделсін»;
аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс
50-сессиясының төрағасы Н. Амитов
Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы К. Бисенов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Қызылорда облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 08.12.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізліміне № 120000-120008-7868 болып енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының
2020 жылғы 4 желтоқсаны №515 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы «12» желтоқсандағы
40-сессиясының № 374 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған облыстық бюджет	
Санаты	Сомасы,
Сыныбы	

2020 жылға арналған облыстық бюджет

Аты	Сыңары	Шығыс	Атауы	Сомасы, мың теңге
		1	Кірістер	280 547 210,1
1			Салықтық түсімдер	12 081 528,0
	01		Табық салығы	5 757 820,0
	02		Жерге табыс салығы	2 757 880,0
	03		Өлеуметтік салық	5 163 907,4
			Өлеуметтік салық	5 163 907,4
05			Тауарға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын қос салықтар	1 159 740,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдалануға үшін түсетін түсімдер	1 066 888,0
		4	Кемелер және кәсіби қызметті жүргізген үшін айынатын алымдар	92 852,6
2			Салықтық емес түсімдер	4 428 187,9
01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	53 813,17
	1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	31 606,66
	5		Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	29 698,08
	7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сынықтар	92 507,1
			Мемлекеттік бюджеттегі қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеттегі (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санқияулар, андипір алудар	978 721,6
			Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдері қосылғанды, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетіндегі (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санқияулар, андипір алудар	978 721,6
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 295 650,6
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 295 650,6
3			Негізгі капиталда сатудан түсетін түсімдер	32 243,4
01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлік сату	32 243,4
			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	32 243,4
4			Трансфертірден түсімдері	264 005 254,8
01			Төмен турған мемлекеттік басқару органдарынан Трансфертір	4 489 608,8
			Трансфертір	4 489 608,8
02			Мемлекеттік басқарушың жоғары турған органдарынан түсетін трансфертір	259 515 646,0
			Республикалық бюджеттен түсетін трансфертір	259 515 646,0
Функционалдық топ			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
			Бағдарлама	
		2	Шығындар	288 827 341,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 595 811,0
	10		Облыс мәжілісхаттары аныпарты	68 844,9
			Облыс мәжілісхаттарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 668,0
003			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 176,9
120			Облыс әкімінің аныпарты	1 698 475,9
001			Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 581 893,9
			Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	89 815,4
			Ауылдық маңы бар жалпы қаржы, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	26 766,4
257			Областың қаржы басқармасы	212 929,0
001			Жергілікті деңгейдегі атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	121 987,0
			Жекеменшілер, коммуналдық меншікті басқару, жекеменшілерден көпшілік қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	942,0
113			Төмен турған бюджеттерге берілетін нысаналы адамдық трансфертір	90 000,0
258			Областың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	206 519,6
			Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	171 669,5
001			Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешілік әріптестік, оның шіндік концессия мәселелері жөніндегі құжаттамағын сараптау және бағалау	34 850,0
263			Осыдағы ішкі саясат басқармасы	125 366,6
075			Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	125 366,6
269			Областың ден істері басқармасы	74 890,6
			Жергілікті деңгейде ден істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 253,0
005			Өңірде ден ахуалды зерделеу және талдау	72 637,6
282			Областың тексеру комиссиясы	247 846,0
			Областың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	245 438,0
003			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 408,0
288			Областың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	669 308,7
001			Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	669 308,7
289			Областың кәсіпкерің және түгізім басқармасы	48 863,1
			Жергілікті деңгейдегі кәсіпкерің пен түгізім дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	144 840,1
			Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 023,0
718			Областың мемлекеттік сатып алу басқармасы	79 659,0
001			Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алу басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 659,0
730			Қазақстан Республикасы Президентінің «байқоры» кешеніндегі арнаулы өкілдің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	63 108,0
			Қазақстан Республикасы Президентінің «байқоры» кешеніндегі арнаулы өкілдің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 821 125,1
02			Қорғаныс	8 128 125,1
296			Осыдағы жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 738 917,1
			Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 421,0
003			Жалпы бірдей жекері міндетті атқару шеңберіндегі с-напарлар	7 966,3
001			Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	214 380,0
			Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	90 776,1
014			Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 361 373,3
